

Қостанай облысы әкімдігінің 2023 жылғы 25 қаңтардағы № 30 "2023 жылға арналған субсидияланатын тұқымдардың әрбір санаты бойынша тұқым шаруашылығын дамытуды субсидиялауға арналған бюджет қаражатының көлемін бекіту туралы" қаулысына өзгеріс енгізу туралы

Мерзімі біткен

Қостанай облысы әкімдігінің 2023 жылғы 31 шілдедегі № 311 қаулысы. Қостанай облысының Әділет департаментінде 2023 жылғы 1 тамызда № 10044 болып тіркелді. Мерзімі өткендіктен қолданыс тоқтатылды

Қостанай облысының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Қостанай облысы әкімдігінің "2023 жылға арналған субсидияланатын тұқымдардың әрбір санаты бойынша тұқым шаруашылығын дамытуды субсидиялауға арналған бюджет қаражатының көлемін бекіту туралы" 2023 жылғы 25 қаңтардағы № 30 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 9924 болып тіркелген) келесі өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген қаулының қосымшасы осы қаулының қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. "Қостанай облысы әкімдігінің ауыл шаруашылығы және жер қатынастары басқармасы" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте:

1) осы қаулының аумақтық әділет органында мемлекеттік тіркелуін;

2) осы қаулының ресми жарияланғанынан кейін оның Қостанай облысы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Қостанай облысы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

4. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі және 2023 жылғы 18 шілдеден бастап туындаған қатынастарға қолданылады.

Қостанай облысының әкімі

К. Аксакалов

Қостанай
облысы әкімдігінің
2023 жылғы 31 шілдедегі
№ 311 қаулысына
қосымша
Қостанай
облысы әкімдігінің
2023 жылғы 25 қаңтардағы
№ 30 қаулысына

2023 жылға арналған субсидияланатын тұқымдардың әрбір санаты бойынша тұқым шаруашылығын дамытуды субсидиялауға арналған бюджет қаражатының көлемі

№	Субсидияланатын тұқымдардың санаты	Бюджет қаражатының көлемі, мың теңге
1	Бірегей тұқымдар	160 000,0
2	Элиталық тұқымдар	420 000,0
3	Бірінші репродукция тұқымдары	530 000,0
4	Бірінші ұрпақ будандарының тұқымдары	620 000,0
Жиыны		1 730 000,0